



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СӘУЛЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ XVIII СЪЕЗІ



**2024 жылғы 14 қыркүйекте** Алматы қаласында Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ-де Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының XVIII съезі өтті. Съезге Қазақстанның барлық қалалары мен өңірлерінен филиалдар, бастапқы ұйымдар мен жобалау компанияларының делегаттары қатысты. ҚР СО президентінің міндетін уақытша атқарушы Садырбаев Ғабит Сұлтанғалиұлы алғашымен съезд делегаттары мен қонақтарына ілтипат білдіру сөзімен бастады. Съезге (қатысуға ниет білдірген 78 делегаттан) 62 делегат, оның ішінде ZOOM арқылы 9 делегат онлайн қатысса, 1 делегат дауысын сенімхат арқылы беріп жіберді. Бұл делегаттардың жалпы санының **79,5%** құрады (кворум қамтамасыз етілді), **осылайша съезд заңды деп танылды**. Іс-шара ашылғаннан кейін съезд төралқасы сайланды. Төралқа төрағасы болып сайланған



Съезд Төралқасының төрағасы Құспанғалиев Б.О.

Құспанғалиев Болат Орайханұлы съезд жұмысын жүргізді. Сондай-ақ мандаттық және есеп комиссияларының құрамы сайланды. Есімдерін Садырбаев Ғ.С. жария еткен, съезд делегаттары мен қонақтары соңғы екі жылда өмірден өткен ҚР Сәулетшілер одағының мүшелерін бір минут үнсіздікпен еске алды.



### ОДАҚ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ МҮШЕСІНІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

Съезд ашылғаннан кейін делегаттар мен қонақтар:

1. Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы президентінің міндетін атқарушы Садырбаев Ғабит Сұлтанғалиұлы Одақтың 2022 жылдың 2 наурызынан 2024 жылдың 14 қыркүйегіне дейінгі аралықта Одақта атқарылған жұмыс нәтижесі туралы баяндамасын;
2. Тексеру комиссиясының мүшесі Ержан Әбдірахманұлы Ахметов дайындаған Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының 2022 жылдың 2 наурызынан 2024 жылдың 14 қыркүйегіне дейінгі аралықта қаржы-шаруашылық қызметі жөнінде баяндамасын тыңдады.



ҚР Сәулетшілер одағы президентінің м.а.. Садырбаев Ғ.С. баяндамасында Одақты Сұлтанғали Серік Сұлтанғалиұлы басқарған кезеңде (2022 жылдың 2 наурызынан 2024 жылдың сәуірі) Одақта істелген жұмыс, іске асырылған маңызды іс-шаралар мен бастамалар жөнінде толығырақ айтып берді.

Ахметов Е.А. Одақтың қаржы және шаруашылық қызметі туралы егжей-тегжейлі баяндап берді.

Аталған баяндамалардан кейін делегаттар есеп беру баяндамасы мен қаржы-шаруашылық баяндамасын бекітуге дауыс берді. Президент міндетін атқарушысының есебі мен тексеру комиссиясы мүшесінің баяндамасы бірауыздан қабылданды.



### ОДАҚ ПРЕЗИДЕНТІ МЕН 1-ШІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТТЕРІН САЙЛАУ

Одақтың Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Баймұрзаев О.Ж. Одақ президенті лауазымына Ғ.С. Садырбаевтың, Одақ мүшесі Ш.Д.Карманов сәулетші Ж.З. Айнабековтың кандидатурасын ұсынса, Одақ мүшесі С.Е. Әлібаев өз-өзін президенттікке ұсынды. Барлық кандидаттар делегаттар мен қонақтар алдында ҚР Сәулетшілер одағының президенті болып сайланған жағдайда атқаратын ниеттері туралы айтып берді.

Хаттамаға сәйкес дауыс беру нәтижесінде:

- Ғ.С. Садырбаевқа 53 делегат;
- Ж.З. Айнабековке 7 делегат;
- С.Е. Әлібаевқа 3 делегат дауыс берді.

Осылайша, **Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы президенті болып Қазақстанның құрметті сәулетшісі, «Құрмет» орденінің иегері Садырбаев Ғабит Сұлтанғалиұлы** сайланды.

Одақтың бірінші вице-президенттері болып **Мәметов Әркенжан Ахметжанұлы және Мусин Серікпай Бекбергенұлы** сайланды.



### ОДАҚ ХАТШЫЛЫҒЫ


Дауыс беру нәтижесінде съезд ҚР Сәулетшілер одағы хатшылығының жаңа құрамын бекітті. Хатшылыққа жас сәулетшілер: Ахметов Ержан, Ақбай Айдын, Кикоть Арман, Мәметов Нәдір және Қапанов Әнуар кірді. Жаңа хатшылық алдында Одақ жұмысын ұйымдастыру, Одаққа жас сәулетшілердің тартылуына септігін тигізетін жаңа амал-әрекеттерді енгізу мен Одақтағы жұмысты жүйелі түрде жүргізу міндеті күтіп тұр.



### СЪЕЗД ДЕЛЕГАТТАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫНЫҢ СӨЗ СӨЙЛЕУІ

Баяндамалар тыңдалғаннан кейін съезд делегаттары мен қонақтары жиналғандар алдында сөз сөйлеуге мүмкіндік алды. Сөз сөйлегендер арасында тәжірибелі және жас сәулетшілер болды: Рүстембеков С.И., Жамболатов С.С., Мамырбаев А.С., Бердаш А.А., Жарылғанов Т.А., Шендібаева Л.Т., Кенжалиев Қ., Ақбай А.С., Кикоть А.А.

### СЪЕЗДЕ СӨЗ СӨЙЛЕГЕН ДЕЛЕГАТТАР МЕН ҚОНАҚТАР



Съезд соңында Төралқа төрағасы Б.О. Құспанғалиев ҚР Сәулетшілер одағының XVIII съезі қарарының жобасын ұсынды. Делегаттар қарарды одан әрі қарай жетілдіретін редакция комиссиясына беріп, оны әзірге қабылдауға бірауыздан дауыс берді. XVIII съезд қарарымен Одақ сайтында танысуға болады.

Одақ Жарғысына сай съезден кейін Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің Пленумы өтті. Пленум күн тәрбінің аясында Одақтың одан әрі қарайғы жоспары мен жұмыстарына қатысты бірқатар өзекті мәселелерді талқылады.

